

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы  
Үкіметтерінің арасындағы Ортақ ғылыми-технологиялық қеңістік құру туралы  
келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 29 мамырдағы N 899

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында қол қойылған

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан  
Республикасы Үкіметтерінің арасындағы Ортақ ғылыми-технологиялық  
кеңістік құру туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімі туралы Қырғыз  
және Өзбек Тараптарына хабарласын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы  
және Өзбекстан Республикасы Үкіметтерінің арасындағы Ортақ  
ғылыми-техникалық қеңістік құру туралы

## КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының, Қырғыз  
Республикасының және Өзбекстан Республикасының Үкіметтері,

1994 жылғы 30 сәуірдегі Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және  
Өзбекстан Республикасының арасындағы Бірыңғай экономикалық қеңістік құру туралы  
шартқа және 1996 жылғы 23 тамыздағы Қазақстан Республикасы, Қырғыз  
Республикасы және Өзбекстан Республикасы мемлекеттері Басшыларының 1996-1998  
жылдары Бірыңғай экономикалық қеңістік қалыптастыру жөніндегі іс-қимыл  
бағдарламасы туралы шешіміне сәйкес (IV тарау, 2-тармақ),

ғылымды қолдау, ғылыми-технологиялық әлеуетті сақтау және дамыту жөнінде  
шұғыл шаралар қабылдау қажет деп есептей отырып,

ФЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫ ДАМЫТУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУҒА КЕЛІСІМГЕ ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ФЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ БАРЫНША ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА ҮМТЫЛА ОТЫРЫП, МЫНАЛАР ЖӨНІНДЕ

К Е Л И С Т И :

### I-бап

1. Тараптар қалыптасуы интеграциялық процестердің дамуымен өзара байланыста кезең-кезеңімен өтетін ортақ фылыми-технологиялық қеңістік құру жөнінде келісілген шаралар

қ а б ы л д а й д ы .

2. Келісімге қатысушы мемлекеттердің ортақ фылыми-технологиялық қеңістігі осы мемлекеттерді өзара мүддені, ұлттық нормативтік-құқықтық базалардың үйлесімін, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысына Келісімге қатысушы басқа мемлекеттердің фылыми-технологиялық тауарлар мен қызмет көрсету нарықтарын олардың заңдарына сәйкес пайдалануға мүмкіндік беруді білдіретін фылым мен техниканың бағыттары бойынша келісілген фылыми-технологиялық саясат жүргізуінді

көздөйді .

### 2-бап

Ортақ фылыми-технологиялық қеңістік құру мақсатында Тараптар:

- фылым, технологиялар және фылыми кадрларды даярлау саласында интеграциялық процестерді үйлестіру тетігін құруға;

- бірлескен фылыми зерттеулер жүргізу кезінде қаржы-экономикалық тетіктерді өзара есеп айырысу жүйесін құруға;

- фылыми зерттеулердің нәтижелерін, эксперименталдық және тәжірибелік үлгілер және технологияларды алмасу, фылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде фылыми әдебиеттерді, фылыми-техникалық ақпараттарды, құралдарды, эксперименталдық жабдықтарды, реактивтер мен фылыми-зерттеу жұмыстарына арналған басқа материалдарды беру кезінде кедендейшкеуден көтірілген тоқтатуға;

- ашық фылыми-техникалық ақпараттар мен коммерциялық сипаты жоқ деректерге еркін кіруді қамтамасыз етуғе;

- фылыми-технологиялық тауарлар мен қызмет көрсету рыноктарында, сондай-ақ

ашық мемлекеттік тапсырыстарға арналған конкурстарға қатысу кезінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ғылыми-зерттеу ұйымдарына, ғалымдары мен мамандарына тен құқықтар беруге бағытталған нақты міндеттерді шешуде өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

### 3-бап

Осы Келісімді жүзеге асырудың негізгі шарты ретінде оны қолдау мен дамытудың нормативтік-құқықтық базасын жеделдетіп қалыптастырудың қажеттігін білдіретін ғылыми-техникалық саланың басымдығын осы Келісімге қатысушы барлық мемлекеттердің тануын, сондай-ақ осы басымдыққа сәйкес аталған саланы мемлекеттік қаржыландырудың кепілдендірілген деңгейін қарастырады.

### 4-бап

Ортақ ғылыми-технологиялық кеңістік құруға бағытталған бірінші кезектегі шаралар ретінде Тараптар мынадай:

Мемлекетаралық ғылыми және ғылыми-технологиялық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру мен олардың мэртебесі туралы;

Халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарын құру және олардың мэртебесі туралы; осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ғылыми ұйымдарын, ғалымдар мен мамандарын үлттық ғылыми-технологиялық бағдарламаларды орындауға тартудың тәртібі туралы;

ғылыми басылымдар мен мерзімді баспасөзді, шетелдік ғылыми және ғылыми-педагогикалық аударма әдебиетті валютасыз ауыстыру тәртібі туралы;

кітапханааралық абонемент құру туралы халықаралық және мемлекетаралық Келісімдер дайындау және оларға қол қою қажет деп санайды.

### 5-бап

1. Осы Келісімді іске асыру жөнінде келісілген шешімдер әзірлеу мақсатында ғылыми-технологиялық даму жөніндегі үйлестіру Кеңесі (FTДҮК) құрылады. FTДҮК ғылым мен технологиялар саласын мемлекеттік басқару органдары басшыларынан тұрады, ол өз қызметін Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесі бекітетін Ереже негізінде жузеге асырады.

2. FTДҮК ортақ ғылыми-технологиялық кеңістік қалыптастырудың тұжырымдамалық мәселелерін қарайды, ғылыми-технологиялық ынтымақтастықтың басым бағыттары мен нысандарын айқындайды, өз құзыretі шегінде шешімдер қабылдайды, ғылыми-технологиялық кеңістік құрудың нақты міндеттерін шешуге байланысты мәселелер бойынша құжаттар жобаларын әзірле, оларды белгіленген тәртіппен мемлекет басшыларының және үкімет басшыларының қарауына енгізеді.

3. FTДҮК қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді келісімге қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитеті жүзеге асырады.

## 6-бап

1. Келісімге қатысушы мемлекеттердің ғылыми ұйымдары, ғалымдары мен мамандары мемлекетаралық ғылыми және ғылыми-технологиялық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде орындаитын ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруды, әдетте, тиісті Тарап өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

2. Жекелеген мемлекетаралық ғылыми-технологиялық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарын қаржыландыру үшін арнаулы нысаналы қорлар құрылуы мүмкін.

3. Интеграциялық процестің тұтастай дамуына, сондай-ақ ортақ ғылыми-технологиялық кеңістіктің қалыптасуына қарай Тараптар FTДҮК-нің ұсыныстарының негізінде үлестік салым есебінен Мемлекетаралық ғылыми-технологиялық даму қорын құру мәселесін қарайды.

## 7-бап

1. Осы Келісімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін Тараптар тиісті ұлттық нормативтік-құқықтық актілер дайындау жөнінде үйлестірілген шаралар қолданады.

2. Осы келісімді тұтастай жүзеге асыруға қатысу, ортақ ғылыми-технологиялық қеңістік құрудың әртүрлі бағыттары бойынша нақты міндеттерді шешуге, сондай-ақ өзара көп тарапты ынтымақтастықтың бағдарламалары мен жобаларына қатысу сияқты тиімді және ерікті негізде жүзеге асырылады.

3. Тараптар осы Келісімнің ережелеріне қайшы келетін және онда қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға кедергі келтіретін, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы басқа мемлекеттерге залал тигізетін іс-қимылдардан қалыс қалатын болады.

4. Тараптар осы Келісімге қатынаспайтын мемлекеттермен

ғылыми-технологиялық қатынастың нысандары мен шарттарын және тәуелсіз айқындау құқығын өздерінде қалдырады.

#### 8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### 9-бап

1. Осы Келісім қол қойылған күннен бастап қолданылады және депозитарийге оған қатысушы Тараптардың барлық қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарлау сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданылады және егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, өзінен-өзі келесі бас жылдық кезеңдерге ұзартылады.

2. Келісімге қатысушы елдер Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитеті осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

#### 10-бап

Осы Келісім қосылу кезінде осы Келісімнің қолданылып жүрген ережелерін танитын және оларды толық көлемде орындауға дайын екенін білдіретін әрбір мемлекеттің қосылуы үшін ашиқ. Қосылу қосылатын мемлекетпен жасалған жеке Келісімде белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады, ол өздерінің мемлекетішлік рәсімдеріне сәйкес барлық Тараптармен алдын ала келісліп, олардың

## 11-бап

1. Кез келген Тарап Келісімнен шығатын ниетін шығудан 6 ай бұрын депозитарийге жазбаша хабарлау жолымен шыға алады.

2. Кез келген Тарап осы Келісімнің ережелерін оның мақсаттарына қол жеткізуге нұқсан келетіндей етіп бұзған жағдайда басқа Тараптар Келісімнің немесе оның сол Тарапқа қатысты жеке ережелерінің күшін тоқтата тұруға не оны Келісімге қатысуышылар қатарынан шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Тараптардың міндеттемелеріне байланысты ықтимал даулар мен

талаптарды, оның ішінде материалдық сипаттағыларын шешу мақсатында осы Келісімнің ережелері талаптардың барлығы толық реттелгенге дейін қатысуын тоқтатқан Тарапқа қолданыла береді.

1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында орыс тілінде бір тұпнұсқа данада жасалды.

Тұпнұсқа дана әрбір қатысуши мемлекетке осы Келісімнің қуәландырылған көшірмесін жолдайтын Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитетінде болады.

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз

Республикасының

Үкіметі үшін

Өзбекстан

Республикасының

Үкіметі үшін